

Педагогикалық кеңес хаттамасы №1

Өткізген уақыты: 31.08.2023ж

Қатысқаны-28

Қатыспағаны-0

Тақырыбы: 2023-2024 жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2023–2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарын бекіту.
2. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін бекіту.
3. Күн тәртібін бекіту.
4. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелерін бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:

Балабақша әдіскері Серікбаева А. 2023–2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоспарда оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, мақсат-міндеттері, мерекелік іс-шаралар, педагогтердің кәсіби дамуы және ата-аналармен жұмыс қарастырылғаны айтылды.

Екінші мәселе бойынша:

Әдіскер Серікбаева А. ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін таныстырып, оның мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес әзірленгенін хабарлады.

Үшінші мәселе бойынша:

Балабақша Өтепбергенова Ж.М. меңгерушісі тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген күн тәртібімен таныстырды. Күн тәртібінде балалардың оқу, ойын, демалыс және тамақтану уақыты тиімді бөлінгені атап өтілді.

Төртінші мәселе бойынша:

Балабақшаның ішкі тәртіп ережелері қаралып, қызметкерлердің еңбек тәртібі мен қауіпсіздік талаптарын сақтау мәселелері талқыланды.

Қаулы

1. 2023–2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі бекітіліп, барлық топтарда басшылыққа алынсын.
3. Балалардың күн тәртібі бекітіліп, қатаң сақталсын.
4. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелері бекітіліп, барлық қызметкерлерге таныстырылсын.
5. Қабылданған ішкі тәртіп ережелерін орындауын бақылау балабақша меңгерушісі мен әдіскерге жүктелсін.

Жиналыс төрайымы: Өтепбергенова Ж.М.

Хатшы:

Серікбаева А.



Педагогикалық кеңес хаттамасы №2

Өткізген уақыты: 31.11.2023ж

Қатысқаны-28

Қатыспағаны-0

Тақырыбы: «Кітап-білім бұлағы».

Күн тәртібі

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы есеп.
2. «Балалар кітап әлемінде» тақырыбындағы презентация.
3. «Кітап – сарқылмас қазына» тақырыбындағы іскерлік ойын.
4. «Алақанның жылуы» тренингі

Тындалды

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Сатыбалдина Г.С өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді. Барлық топтарда жоспарланған оқу-тәрбие жұмыстары жүргізілгені, дамытушы орта толықтырылғаны, ата-аналармен жұмыс жүйелі ұйымдастырылғаны айтылды. Қабылданған шешімдердің басым бөлігі уақытылы орындалғаны атап өтілді. Екінші мәселе бойынша әдіскер Сатыбалдина Г.С. «Балалар кітап әлемінде» тақырыбында презентация жасады. Презентация барысында балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, көркем әдебиет арқылы тілін дамыту, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мәселелері қарастырылды. Педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісті.

Үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Сапарова Ж. педагогтар арасында «Кітап – сарқылмас қазына» атты іскерлік ойын өткізілді. Ойын барысында қатысушылар кітаптың бала тәрбиесіндегі орны мен маңызын талқылап, түрлі тапсырмалар орындады. Педагогтердің кәсіби белсенділігі мен шығармашылығы байқалды.

4-мәселе бойынша:

Педагог-психолог Аманияз Т. «Алақанның жылуы» тренингін өткізді. Тренингтің мақсаты – ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды нығайту, бір-біріне деген сенімділік пен қолдауды арттыру. Қатысушылар тренингке белсенді қатысып, жақсы көңіл-күйге бөленді.

Қаулы

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру мақсатында көркем әдебиетпен жұмыс жүйелі түрде жалғастырылсын.
3. «Кітап – сарқылмас қазына» іскерлік ойынында ұсынылған әдіс-тәсілдер оқу-тәрбие процесінде қолданылсын.
4. Ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды сақтау мақсатында тренингтер мен психологиялық жұмыстар тұрақты жүргізілсін.
5. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Жиналыс төрайымы: С. Естлеуова А.С.

Хатшы:

Сатыбалдина Г.С.



Хаттама №3

Өткізілген уақыты: 30.01.2024 ж.

Қатысқан педагогтар: 26

Қатыспағаны: 0

Тақырыбы:

Жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік құндылықтарын дарыту арқылы патриотизмге баулу.

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуының есебі
2. №2 тақырыптық бақылау қорытындысы. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін аралық бақылау диагностикасы
3. а) Жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік құндылықтарын дарыту, патриотизмге тәрбиелеу.
ә) Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы
4. «Бала – біздің болашағымыз» іскерлік ойын. Не? Қайда? Қашан? теле-ойын желісімен
5. Тренинг: «Біз біргеміз, берік іргеміз!» «Туған жердің күні». «Адалдық ағашы»

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі Естлеуова А.С өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы жайлы айтты. Дамытушы ортаны үйлесімді дамыту мәселесін жүзеге асчыру кейбір топтарда жолға қойлып, атрибуттармен жаңартылғанын, қалған топтар да жұмыстанып, толықтырулары қажет екенін ескертті.
2. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Сатыбалдина Г.С қаңтар айында топтарда жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік, ұлттық құндылықтарды дарыту, патриотизмге баулу жұмыстары қалай жүргізіліп жатқаны бақыланып, тексеру жұмыстары жүргізілгенін және соның қорытындысына тоқталып, бастапқы бақылаумен салыстырды.
3. Үшінші мәселе бойынша мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Оңдаш А.Қ. жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік құндылықтарын дарыту, патриотизмге баулу тақырыбында өз баяндамасын ұсынды. Осы тақырыпта өз тобында қандай жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтып, өз тәжірибесімен бөлісті.
«Ұлттық құндылықтар-тәрбиенің түп қазығы» тақырыбында «Балбөбек» тобының тәрбиешісі Актілеу Қ. баяндама жасап, заттық кеңістік дамытумен ортаны қалай жабдықтап жатқанын айтып, өз тәжірибесімен бөлісті.
4. «Қонжық» тобының тәрбиешісі Бақтыбергенова Е.Т. «Бала-біздің болашағымыз» іскерлік ойын Не? Қайда? Қашан? теле-ойын желісімен ұйымдастырылған іс-

әрекетті қалай тиімді өткізуге болады? деген тақырыпта ой бөлісіп, қалай өткізуге болатынын көрсетті.

5. Балабақша психологы Канидуллаева Ш.М. «Туған жердің күні», «Адалдық ағашы» тренингін өткізді.

Қаулы:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдері орындалсын.
2. Тәрбиеленушілердің бойында адамгершілік құндылықтарды дамыта отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу одан әрі жандандырылсын.
3. Баланың бойында іскерлік қабілеттерін дамыту мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылсын.

Жиналыс төрайымы:

Естлеуова А.С.

Хатшы:

Сатыбалдина Г.С.



Өткізілген уақыты: 28.03.2024 ж.

Қатысқан педагогтар: 24

Қатыспағаны: 4

Тақырыбы:

Салауатты өмір салтын насихаттау арқылы балалардың денсаулығын мен аурушандығын азайту. (II жарты жылдық бойынша міндет) дене тәрбиесі бойынша міндеттерді жүзеге асыру.

Күн тәртібінде:

1. Өткен педкеңестің шешімінің орындалуының есебі.
2. №3 тақырыптық бақылау қорытындысы (тақырыптық тексеру қорытындысы).
3. Денсаулық технологиясы бойынша жаңа технологиялар.
4. Ұйқыашар сауықтыру–шынықтыру шаралары, іс-тәжірибемен бөлісу.
5. 2,5–3,5 жас аралығындағы балалардағы кризис «Өзін-өзі бағалау» тренинг

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі Естлеуова А.С. өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы айтты. Тәрбиеленушілердің бойында адамгершілік құндылықтарды дамыту жұмыстары жүргізіліп, түрлі іс-шаралар өткізілгенін, сегізінші наурыз, жиырма екінші Наурыз қарсаңындағы өткізілген шараларға мерекесіне тоқталды. Балалардың бойындағы іскерлік қабілеттерін дамыту мақсатында балабақшада түрлі іс-әрекеттер ұйымдастырылғанын айтып өтті.
 2. Балабақша әдіскері Сатыбалдина Г.С. салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстары қалай ұйымдастырылып жатқандығына тоқталып, тақырыптық тексеру қорытындысын айтты.
 3. Үшінші мәселе бойынша «Қонжық» тобының тәрбиешісі Бисенова Ж.Ғ. «Денсаулық саласы бойынша жаңа технологиялар» тақырыбында баяндама жасап, өз тәжірибесімен бөлісті. Өз тобында денсаулық технологияларын қалай қолданып жатқанын көрсетті.
 4. «Ұйқы ашар сауықтыру-шынықтыру шаралары, іс-тәжірибемен бөлісу» тақырыбы бойынша балабақша тәрбиешісі Бақтыбергенова Е.Т. ұйқыдан кейінгі сауықтыру-шынықтыру шаралары, ұйқыдан кейінгі жаттығу түрлеріне тоқталып, өз тобындағы тәрбиеленушілермен ұйқыдан кейінгі сауықтыру-шынықтыру жұмыстары қалай жүргізіліп жатқандығы туралы іс-тәжірибесін бөлісті.
 5. Балабақша психологы Канидуллаева Ш.М. «2.5-3.5 жас аралығындағы кризис» тақырыбы бойынша баяндама жасап, дағдарыстың себептеріне, белгілеріне тоқтала отырып, бұл жастағы балалармен қалай қарым-қатынас жасаудың жолдарын айтты.
- Тренинг «Өзін-өзі бағалау» психогеометрия әдісі.

Қаулы:

1. Салауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы жұмыстарды одан әрі жандандыру;
2. Балалардың дені сау, шымыр болып өсуі үшін, тәрбиелеу бағытында түрлі сауықтыру жаттығуларын және қолдану техникаларын тиімді пайдалану;
3. Топтарда салауатты өмір салтын сақтау бағытындағы іс-шаралар жалғастырылсын;

Жиналыс төрайымы:

Естлеуова А.С

Хатшы:

Сатыбалдина А.С



Хаттама №5

Өткізілген уақыты: 31.05.2024 ж.

Қатысқан педагогтар: 26

Қатыспаған: 1

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуының есебі.
2. 2023–2024 оқу жылында жүргізілген оқу-тәрбие жұмысына есеп беру.
3. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін қорытынды бақылау диагностикасы.
4. Жазғы сауықтыру мерзіміне арналған шаралар жоспары.
5. 2023–2024 оқу жылының жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстары жоспарымен, күн тәртібімен таныстыру.
6. Тренинг «Күйме (карета)» тұлғаның ұжымдағы рөлін анықтауға арналған.

Тыңдалды:

1. Балабақша әдіскері Сатыбалдина Г.С бірінші мәселе өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы айтты. Салауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы жұмыстар одан әрі жандандырылып, ата-аналармен бірлескен «Әкем, анам және мен» деген тақырыпта спорттық сайыстар, түрлі ұйымдастырылған іс-әрекеттер топтарда өткізілді. Балалардың дені сау, шымыр болып өсуі үшін түрлі сауықтыру жаттығуларының, қолданылу техникаларын тиімді пайдалану бағытында топтарда түрлі жұмыстар, іс-шаралар жүргізілді.
2. Педагогтар 2023–2024 оқу жылында жүргізілген оқу-тәрбие жұмысына есеп беріп, жазбаша есебін тапсырды.
3. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін қорытынды бақылау диагностикасы туралы әдіскер Г.С Сатыбалдина сөз алып, биылғы оқу жылының қорытынды бақылауы 100 пайыз көрсеткіш көрсеткендігін айтты.
4. Жазғы сауықтыру мерзіміне арналған шаралар туралы балабақша медбикесі К.С.Искакова жоспармен таныстырды. Таза ауада серуенді ұйымдастыру, денсаулық жолдарымен жүру, күн ваннасын, тұз шахтасын қабылдаубала денсаулығын нығайтатынын айта келе, балаларға С дәруменін үйде және балабақшада беру жөнінде ата-аналармен кеңес жүргізіп, жеке бос гигиенасына көңіл бөлу керектігін айтты.
5. Әдіскер Г.С.Сатыбалдина 2023–2024 оқу жылының жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстары жоспарларымен, күн тәртібімен таныстырды.
6. Психолог тұлғаның ұжымдағы рөлін анықтауға арналған «Күйме (карета)» тренингін өткізді.

Қаулы:

1. 2023–2024 оқу жылында жүргізілген оқу-тәрбие жұмысына берілген (баға) есеп жақсы деп бағалансын;
2. 2023–2024 оқу жылының жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстары жоспары мен күн тәртібі бекітіліп, жұмыстың дұрыс жүргізілуі қадағалансын;
3. Жаз кезіндегі балалардың өмір қауіпсіздігіне тәрбиешілер жауапкершілікпен қарасын.

Жиналыс төрайымы:  Тажиданова А.Т.

Хатшы:  Сатыбалдина Г.С

